


Дулат Шүрантегі



КӨКЕЙТЕСТІ




142. 24

«Жібек жолы» кітапханасы

ДУЛАТ ТҰРАНТЕГІ

КӨКЕЙТЕСТІ

Өлендер, толғаулар,
аудармалар



ШЫҢҒАЛ — 1994

«Жібек жолы» журналы ұсынған

**Рецензия-пікір жазған Аерімбек СЫЗДЫҚОВ, профес-
сор, филология ғылымдарының докторы**



Кітап редакторы **Төрекелді БАЙТАСОВ**

Ф

ISBN -№5-86020-047-1

«Жібек жолы» баспа фирмасы

БЕЙНЕЛІ СӨЗБЕН ОЙ ТОЛҒАП...

1922 жылдың қыркүйегі ксі казак баласына мәңгі ұмытылмайтын айтулы оқиға болтаны аян. Бүкіл дүние жүзі қазақтарының Алматыда алғашқы құрылтай жиыны өтті. Егемендікке енді қолы жеткен халықтың цуанышы да, мұң-мұқтажы да аземес. Алдатуған міндеттер доасқар таудай. Алқалы жиында небір дүлдүл шешендер мен өлім деп еңіреген айтулы ерлер жан-ділімен жүрекжарды сөздерін айтып, тебірене толғанып жатқан. Бір кезде мінбеге белгілі ғалым, профессор Тұрсынбек Көнішев мамы» көтерілді. Ұлағатты ұстаз өз сөзін сол күнгі «Халық Кеңесі» газетінде жарық көрген өлеңді байсалды дауыспен баптай оқудан басталды. Бұл Дулат Тұрантегінің «Қазақтың мерейі» атты осы ұлы жиынға оран жазған публицистикалық толғауы болатын. Анау-мынауға елігіп-мойын бура бермейтін сарабал сыншы ағамыздың көңіліне жол тапқан жыр шумақтары шынында да дүйім жұрттың көкейіндегі шарды корнем де шымыр жеткізіп жатқан еді.

Жинап, казак, күн туды кеңесетін,
Қамшы тастап, кез емес егесетін,
Аңғал-саңғал ақнөңіл құшағыңды аш,
Сағыныштан Сарыарқа желі есетін.

...Жарып өтіп, тұмаңын мұң-құсаңың
Көрдіндер ме, өртеніп от құшағың.
Бері тағдыр бір кезде тоз-тоз өткен
Жетім қозым, адасқан тоқтышағым.

...Заман жүгін аркалап көш келеді,
Қайтқан көшті көңілдер қош көреді.
Өшкен жанып, кеткенің қамта ораса
Қуанғаннан көзге ыстық жас келеді.

Дулат Тұрантегі (Туранов) байырғы әдебиетші. Созаң топырағында туып өскен, әдебиет деген заңғар аспанға сол өңірден түлеп ұшқан айтулы дарындар А.Сүлейменов, Т.Тоқбергенов, Б.Батырбеноевалармон бірге жүріп, бірге оқып, көркемөнер деген қасиетті ұғымның тазалығы мен биіктігін сыр етіп талай пікірталастың ортасында бояған азамат. Дүкен жөнінде белгілі сыншы мариұм Т.Тоқбергенов «...Төкен өскен орта — қарт Қаратаудың төріскейі энге богіп, жырдың бесігі... Көшегі әзілкеш Токабайдың...ауыздыға сөз бермейтін Тоқанның көзін көрген Есір-иел Өмірбековті, айтқыштығымен, нарадай жүйріктігімен Мухтар Әуезовтің өзін тәпті өткен Берденовы... Дулат Тұраноатай талантты жастары ауыл адамдарының сыйқұрметіне Бөленген жер» [Тоғыз тарау, 1974ж., 92-бет] деп жазған болатын.

Д.Тұрантегінің алғашқы өлеңдері мен сын мақалалары, аудармалары 1956-57 жылдарда **орталық** «Жұлдыз» журналы, **«Қазақ әдебиеті»** газеттерінде жарық **көрген**. Одан кейінгі жылдарда дүние жүзі әдебиеті үлгілерінен аудармалар жасауға ден **қояды**. **Көп** авторлар **құсап** бірді-**екілі жазғандарын** баспа **орындарына** үсті-үстіне **тықпалап, жинап** қалайда кітап **ететін**, сейтіп кейін ізденбей, еңердің, **өлеңнің, құнынан** гері атактың үніне кеп ден **қоятын** дарға кызыкпады. Аударма жасауды ақынның **шығармашылық** бәсекелестігі деп **ұққан** ол **бұл жұмысты** талантты шыңдау мектебі деп таниды. **Бұл** аудармалар аракідік баспа **жүзін көріп** те **жүрді**. Бірақ оның негізгі айтар сөзінде **қырыбы** теріскей деп **жүрген** Созак өңірінің қасіретті тарихы, **әйгілі** Созак **көтерілісі**, 1931-32 жылғы **аштық**, 1937-38 жылдардың **қуғындаушылық зұлматы**.

Дулаттың қаламынан бұл қасіретті **оқиғаларға арналған «Жаңғыру» атты** эссе кітабы «Жазушы» баспасында жатыр. **Аштық** кезеңді суреттейтін «Атабай-Голощекин» поэмасының үзіндісі **«Оңтүстік Қазақстан»** газетінде жарияланды. **«Жандауыс»** деген өлеңмен жазылған хикая кітабы **баспаға** тапсырылған. **Ақындардан** Данте, Петрарка, Г.Гейне, И.Гете, **Ш.Петефи, М.Лермонтов, А.Фет, Ф.Тютчевтерді, қазіргі** адамзат екілдерінен француз ақыны, дипломат, **Нобель** сыйлығының лауреаты Сен Жан Перстің **«Құстар»** поэмасын, **Р.Ғамзатовтың** «Шәмілдің махаббаты» поэмаларын аударған.

Бұл жинаққа ұсынылып отырған әр **тақырыптағы** топтама өлеңдері негізінен осы заман жайлы, адамның **ішкі** дүниесі, оның кат-кабат иірімдері, табиғат пен қоңіл **күйі** және философиялық ой **түйіндеулері түрінде өріліп** отырады. **Табиғат** суреттері адам-рухымен жымдасып, **оқушыны** еркін **сырласуға, іштей ұғысуға шақырады**.

Мысалы «Күз» деген өлеңде: —

Құстар кеткен бетке алып **қияларды,**
Күрсінеді бау ойлап жиі оларды.
Кәрі **бұтақ** тарамыс қолдарымен
Көтеріп **тұр құлатпай ұяларды,** — деп әрі **сурет, әрі ішкі** мәні терең ой түйеді. Немесе **«Бақшада»** деген **өлеңіндегі** мына жолдарға назар **аударайық:**
...Жүгері-келіншектер қоршап алған
құндақтаулы көтеріп **бөлелерін,** -
тағы да:

...Қызыл тұмсық қаздардай батпақтағы
Жерді **шұқып** сәбіздер бас алмайды -
немесе, **«Қызылкөл»** деген өлеңінде:

...Шайқатылған өмірдің көзесіндей
Сен де ортайып **бұл күнде қалғанбысың!**
деген жолдар мен ақынмын деп жүрген, атағы жер жара

тын авторларымыздың өлеңдерінде кездесе бермейтін суреттер, теңеулер.

Соңғы кезде көзқарақты адам Дүкеннің өндірте жазып **жүргенін** байқауы **қиын емес. Орталық** баспа орындары «Дала», «Қоңыр ұл», «Сүгір күйші», «Атаммен интервью» сияқты поэма, толғауларын, **көптеген** өлеңдерін жылы қабылдауда.

Қазіргі тұрмыс-тіршілікте рухани ішкі **дүниені** де қысқалыққа алған **нарықтық** жағдайда кітап шығару **өз** алдына бір тауқымет болса, **ал** оны көпшіліктің жылы қабылдап отырып **қоюының өзі** тағы солғындап барады. **Бұған әртүрлі** жеке **баспалардан шығып жатқан мәнді-мәнсіз** кітаптар, талғамсыз, сүреңсіз **дүниелерді қосыңыз.**

Осы аз пікір басылымдардың **ішінен** Дулат **өлеңдерін** (мейлі мақала, зерттеулері **болсын**) жинап алу **онша қиын емес.** Ол алғашқы жолының өзінен сізді риясыз әңгімеге **шақырады.** Адам жанының нәзік **психологиялық** игіліктеріне **үңіле** сырласады. Өмір, тіршілік, заман туралы толғанта алады, **философиялық ой түйіндер,** пікірталас құра отырып, кейде даналы сюжеттік хикая-өлеңдермен, соның **сиқырлы,** бояулы астарын ашып, сізді біраз **уақыт ұстап тұруға** бар. Сол **үшін** де кей өлеңдер сияқты **алғашқы** бір-екі шумағынан кейін **«Е-қойшы, осыны»** деп селқос қарай алмайсыз.

Тағы бір **байқалар** нәрсе тіл байлығы, **қарапайым** да байырғы халық тілін терең де табиғи меңгерген. Тәкен талғамы аңғарылғандай. Оның бергі жағында **Дүкен өлеңдері өмір** тынысына толы. Әр **шумақтағы сөздердің** бәрі **қимылға** кіріп, тіршілік **бүлкілін** білдіріп жатады.

Адамды уысында **ұстап тұратын сөз** сыры білімге байланысты. Дулат **Тұрантегі үлкен** білім иесі екенін байқатады. **Сонау** қонақ **Еуропа** тарихы, оның айтулы **ақындарын** аудару...

Қадірлі оқушы, осы жинаққа енген өлеңдер **сіздерді,** де супесок қалдырмай, өздеріңізді риясыз сырласуға **шақырады** деп сенемін.

Иерімбек **СЫЗДЫҚОВ,**
профессор, әдебиет зерттеуші
ғалым



ЖАСА, ҚАЗАҚСТАН!
(әнұран бәйгесіне ұсынылған)

Көк аспан, алтын күн, желбіре, жалауым,
Қырандар қалқыған **Сары-арқа** — самалым.
Тарихтан қаралы қанжоса **қалыпты** із,
Қолдай **гөр**, ер рухы, **біздерді** бабаның.

Қайырмасы: *

Ежелден **еркіндік** құштары,
Шалқысын мерейің биікте!
Жасай бер, **Қазақстаным**,
Жасай бер **мәңгілік**, сүйікті ел:

Мал-жанды **құрбан** ғып тап-таза **ары** үшін,
Елінің гүлденер болашақ қамы үшін,
От болып **жүректер** оранып жалынға
Көтеріп тұр биік, ту қылып намысын.

Қайырмасы:

Қазақпыз, езге елмен терезе **теңелген**,
Достықпен, бірлікпен көсеге көгерген,
Жасай бер, дарқын ел, **жасай бер**, кең өлкем,
Шайқалма шаңырақ, **беки бер**, керегем!

Қайырмасы:

ҚАЗАҚТЫҢ МЕРЕЙІ
(Бүкіл дүние жүзі қазақтарының қурылтайына қатысушы-
лармен сырласу)

Жинал, қазақ, күн туды кеңесетін,
Қамшы тастап кез емес егесетін.
Аңғал-саңғал ақ көңіл қушағынды **аш,**
Сағыныштан Сарыарқа желі есетін,
Құшырлана **төсіме төсің** бассам,
Қабырғамды **сындырдың** демес едім.

Егеменді ел болған **мықты** кезде,
Жинал, қазақ, **тоқтайтын түпкі сөзге.**
Кел дағы атажурттың топырағын **сүй,**
Шаңын **сүртіп қап-қара** оты көзге.

Кел, қазағым, күйжанды, жыр **құштарлым,**
Алыстан **аңсап жеткен** жыл **құстарым!**
Баурың төсеп, мауқың **бағ** Жер **Анаң**
Тәуетсең, дін **аман** тур **Түркістаның.** *

Жарып өтіп **тұманын мұң-құсаның**
Келдіңдер ме өртеніп от **құшағың?!**
Бері тағдыр бір кезде **тоз-тоз** еткен
Жетім қозым, **адасқан тоқтышағым.**

Жеттіндер ме **шұрқырап құлындарым,**
Көңілдің тарқатсам деп **мұңын-зарын.**
Бүгінгі күн қуаныш, **ұлысты күн**
Жалғанған күн үзілген **жұлындарым.**

Алмағайып күн туып, ел **басына**
Ату **шапшып атылған** жар **басына,**
Бөлініп содан қалған толқын **ба едің,**
Қайта оралмай тулаған **арнасына.**

Заман жүгін **арқалап көш** келеді,
Қайтқан көшті **көңілдер қош** көреді.
Өшкен жанып, кеткенің **қайта** оралса,
Қуанғаннан көзге ыстық жас **келеді.**

2

Ұзын **тарих,** бастан не **күй өткені,**
Тағдырды илеп, **замандар** ~~де~~ **еткені...**
Шығар **сәтте** шыбын **жан-елді** іздесе
Амалсыз қалды алыста **сүйектерің.**

Қуйынды **жылдар** өтті **нөпір-ағын**,
Жүректердің сарғайтып жапырағын.
Кәрілерің **кемсендеп кеткені** анық
Туған жерге қоса алмай топырағын.

Қалды алыста, **ата-ана қарқара** боп,
Жазылмайтын **көңілге жан-жара боп**.
Қулпытасқа «қазақ» деп **жаздыңдар** ма,
Туған жері кең дала - Арқада деп.

Бола алдың ба жат жерде қазақ улы?
Аманат боп тіл мен діл тазалығы,
Өмір бойы аңсаумен жүрдіндер ме,
Ел айрылған **күн** болып аза күні.

Көңіл қалса бойтұмар тас та ауырлық.
Бола алды ма өкіл ел басқа бір журт?
Әлде еліңнің бұйдалы бодандығы
Жіберді ме сендерді тасбауыр ғып?

Сезем суық бұл сөзден жан дір еткен,
Айтпай-ақ қой, бірталай ауыр **өкпең**.
Өкпелегіш болғанмен әуел баста
Қазақ деген **жаралған** бауыр еттен.

Жат өлкеде сарсылып **ғұмыр** өткен,
Жас өзекте бір сезім **шымыр еткен**.
Пенделікпен бір сәтке естен шықса
Елегізген шақтарда **үлкендерге**
Әлде нендей бір дауыс сыбыр **еткен**.

3

Сол шақта дұға орнына «қайран ел» деп,
Амандығын тілеген құдіреттен.

Жат өлкеде **отыққан** жаңа ұрпақ та,
Ата-баба аруағын тұғыр **еткен**.
Айтып-айтпай не керек, әуел бастан,
Жаралған ғой қазақтар бауыр еттен.

Кел, қазақ, **шарықтап** үш тұғырыңнан
Бүгіннен Бұхар баба үнін ұғам.
Абылайдай еліңнің айбары бол,
Абай болып тебірен тұнығыңнан.

Демендер артылалық, күпінелік,
Әуелден ұсақтамас бүтін **едік**.

Бұл күнде сөздің қуат-күші бар ма
Екі ауыз ердің құнын бітірерлік:

II

Жинал, қазақ, келелі кеңес **құрып**,
Ұлыларға халқынды теңестіріп.
Еліңнің арман-мұңын сөз **етіндер**
Маңдайынан **бақытты** жел естіріп.
Орнатындар жеруйық ен далаға
Асан бабаң жетпеген елес **қуып**.

Кел, ағайын, қауышып, құрылтай деп.
Сары-Арқа, Нарынды **аңсап**, **Ұлытау** деп.
Келдіңдер ме Ұлы Ана құшағына
Суынған жүректерді жылытам деп.

Бұл күнде танымайды **қазақты** кім,
Паш еткен бар **әлемге** азаттығын!
Егеменді ел болған ту көтеріп,
Қызыр баба дарыған боз **аттымын**.
Мерейін бар **қазақтың** көтеріңдер
Бүкіл елдің атынан сөз **ап бүгін**.

Заманалар дүрліккен жел басылып,
Егеменді ел **болдық**, Ел басы - **құт!**
Қыран болып қалқиды қазақ рухы
Нұрын төккен келешек **күнге** асығып.

III

Кел, бауырым,
Қалың ел, қара орманың,
Құшақ жаяр, - десендер көрём бәрін.
Сәлем бер **қарияға**,
Жаспен сырлас,
Мауқың басып, тарқасын **шер-арманың**.

Жатырмысың **қозыдай** жамырасып,
Табыстың ба баурыңмен **аңырасып**.
Қарындаспен қауышқан қандай **бақыт**,
Жеткенінде көп **аңсап**, арып-ашып.

Елің міне, дін аман, заман басқа,
Қала орнаған, ел **өскен**, далам **басқа**.
Көз **көргендер** баяғы некен-саяқ,
Заң басқа, сана **басқа**, адам **басқа**.

Ел **жаңарған**, жақсы **көп сүйінерлік**,
Қазақ болып қалуың - **бүгін** ерлік.
Сөйте **тұра қазақтың** жөні осы деп,
Етек басты **мінің** көп күйінерлік.

Білген жақсы-ау, тегін де, атасын да!
Үлкеннің алған жақсы батасын да.
Әйтсе де **өзге** жанды өгей санап,
Ұрандатқан жаман-ақ, ата асында.

Ата **қусаң**, елге ортақ тумас дарын,
«**Ең** жақының - жауың» деп, шуласқаның.
Ұмытылған жоқ әлі де
Өзінді өзін
Ұстатқаны алдымен руластарың.

Имандыда кім безген баласынан,
Қанға **тартып** қаскөй де жаны **ашыған**.
Ата ұлының 'болмағы, — атасынан
Адам улы болмағы - санасынан.

Қазақ **бұрын кім еді**, қолбала еді,
Өз бұйдаеын **өзі** алу - **болды** әлегі.
Ат **жетектеп** ілбітіп қой **айдаған**
Бар білгені мал менен **шөл** дала **еді**.

Жүзі жарық, малды боп, **биік** жүрген,
Қоныс іздеп мал **үшін** күйіп жүрген.
Жауды **қуып**, найзамен **қымтап** қойған
Тосыннан түрілгенде **қиырда іргең**.

Қазақ деген **пір** тұтқан батырларын,
Қадір тұтқан **күйшісін, ақындарын**.
Көз **жазып** кап, **капыда** бір-бірінен
Ес жиғанда іздеген жакындарын.

Жылқыны айтып мақтар да, тамсанар да.
Саят құрған бір дәурен **қансонарда**.
Сол **қазағың** ат жалын тарамаса,
Сылап-сипап баладай жыламаса,
Тұлпардың туяғынан от жанар **ма?**
Бар қуатты **түсіріп тұяқтарға**
Бапкерінде қазақтай сүм артқан ба?
Сәйгүліктің тезегін жазбай таныр,
Арық толып жылқының **қиы аққанда**.

Қиын тағдыр, сан **соқпақ** мың **бұралған**,
Көз жасынан қақ тұрып, **көл** құралған.

Көкірегі көлкіген өлең болып,
Шер толқытса қолына домбыра алған.
...Көз алдымда көп жылдар... көшкен елес.
Күйкі тірлік **шідерін шешкен** емес.
Қазақтың кері тартқан **кежегесі**
Жердің тарту **күшінен еш** кем емес.

Керенаулық, **кержалқау**, күндеу, тағы...
Жүзге бөлу - өшкен жоқ індеті әлі.
Бәрін, **бәрін** бойынан сылып тастау,
Алат аудан қазақтың міндеті әлі!

Баба **сөзі** — шежіре, бәрі нұсқа,
Атом-дио ғасырдың таңы қысқа.
Ат **үйреткен қазақтың жігіттері,**
Енді ғылым - тарпаңның жалын уста!

Көз жетті өрлейтінге **өнері өрге,**
Ой-қиялдар,
шарықта!

көгенделме!

Күй жанды, жыр **қанатты қазақ** улы,
Компьютерлік заманда төмендеме!

Ұраны бірлік болар ырысты елдің,
Шамырқанар шағы - осы намысты елдің.
Енжарлықтың шырмауын **үзіп шығар**
Жігері керек кез бұл **ғарышкердің!**

ІУ

Жатыр міне кесіліп марғау дала...
Әр ауылда босып **жүр жалқау** бала...
Баяғы қанға сіңген **салбөкселік**
Кенде емес керенау мен **аңқауға** да.

Көр, әне, қаңсып **жатқан** Аралынды!
Кор, тындап, Семей **жақтан** қаралы үнді.
Ата сөзі • «Жақсынды асыр деген
Кез емес бұл - **«Жасырар жаманынды».**

Бұл менің қайғы-шерім, қасіретім.
Сары далаға **төкті** ғой ғасыр **өтіні.**
Ендігі айтар қазаққа **өсиетім:**
Ата **дәстүр** тозбасын **қасиетін!**
Аздырмандар аруақты бас **иегін!**

Мүлгіп кеткен жылдарды серпіп тастап,
Селк етіп **оянатын, ес жиятын**
Күнің келді **тұлпардай көсілетін.**

...Көз алдымда көп жылдар...

көшкен елес...

Тәтті әлдиге елтіген ол бір **белес.**
Ертегілер шырмаған терең **ұйқы**
Жердің тарту күшінен еш кем емес!

Қалың жұртым, қазағым, Ер Төстігім!
Ерте ер жетті, жау қуып, ерте өсті улың.
Шалқұйрығын уақыттың жалын ұста,
Адамзаттың барады көші жылжып,
Қуып жет те қатарға **теңдес** бүгін!

У

Өттік не бір зұлымат, **нәубетіңнен**
Қорғасын боп **жұлқыды** жау да етімнен.
Тарбағатай тау асып **сендер** кеттің,
Жол-жөнекей **төмпе қап** әулетіңнен.

Сағыныштың қашанда емі бөлек,
Кер даланың саумалдай желі де ерек.
Қайда жүрсең туған ел жөні басқа,
Сарыарқаның бір жутым демі бөлек.

Азаттықтың ақ нұры **шашылған** күн,
Ақынжанды, ақжарқын асыл халқым,
Көтеріліп келесің буырқанып,
Тереңінен қат-қабат ғасырлардың.

Атамекен көл-көсір жатыр далам,
Жанын **жалдап** қорғаған батыр бабам.
Намыс оты тұтанған жүректерде
Бүкіл қазақ от боп тұр лапылдаған!

Былғанбасын тереңнің өз ағыны,
Нағыз бақыт - **қасиет** тазалығы..
Тәңірдің де тілеуі **мейірбандық**
Мақтан етем болғанға қазақ **ұлы.**

Жинал, қазақ, **келелі** кеңес **құрып,**
Ұлыларға халқыңды тенестіріп,
Еліңнің арман-мұңын сөз **етіндер**
Мандайынан бақытты жел естіріп.

Заман жүгін **арқалап** көш келеді,
Қайтқан көшті **көңілдер** қош көреді.
Өшкен жанып, кеткенің қайта оралса,
Қуанғаннан көзге ыстық жас келеді.

1992 жыл, қыркүйек

АССАЛАУМАҒАЛАЙКУМ, ОРДАБАСЫ

Ассалаумағалайкум, Ордабасы
Мамыр көктем, гүл **көмген** қыр-даласы.
Арқа **бөліп**, **Нарын** **бөп**, **Алатау** **бөп**.
Бірліктің туын тіккен ордам осы

Айыққан, жер қазақтың **жан-наласы**,
Жазылған жер халқымның жөн-жарасы,
Басын қосқан қазақтың бар **баласы**,
Қанша ғасыр жалғасты **арман** **өсы**,
Қуаныштан тасыған **мейманасы**.

Ассалаумағалайкум, бауырларым,
Қазақы үйлі акшаңқан ауылдарым,
Бар әлемге паш етем қасиетті,
Бірліктің туын тіккен тауым барын.

О, аруақ, Қарлығашым, Төле биім!
Халқыңнан тігілмеген бөлек **үйің**.
Қазыбек, Әйтеке би қос қанатың
Еліңе бірлік тілеп шырылдаған
Жаңғырып құлағыма келеді үнің.
Қолдай гөр, **ұрпағыңды** бабаларым,
Бастадым мерекелі ұлы жиын.
О, Төлеби, Әйтеке, Қазыбегім,
Айтатын көңілдегі сөзім **едің**.
«Тура **биде** туған жоқ» әділдігім.
Қара **кылды** қақ жарған қазым **едің**.
Бітім **сөздің**, жөн сөздің **жүйесі едің**,
Қамшы ұстаған **билердің** киесі **едің**.
Қалың жауға қаймықпай кесім айтқан,
Бар қазақтың сөзінің иесі **едің**.

Түпкі сөздің байланар қазығы **едің**,
Ақыл ойдың жазира жазығы **едің**,
Үш данышпан кір шалмас **аппақ** ары,
Қазағымның жанының азығы **едің**.

Баба рухпен тілдескен Тұранға үнім,
Еркіндігім-самғаған қыран бүгін,
Сая **іздеген саяқты** сарсылтпаған
Табыныма тай **келсе** тод емізген .
Тұтастықты ту **еткен ұран бүгін.**

Жүрек біреу, **тас-түйін іші** от-арман
Бүгін елміз, **бауырын құшаққа** алған,
Кей **ауылда** тауым деп **төбе** үйдірген
Қайран асыл бабалар **сеземісің**
Рушым болған **ұл** да бар усақталған.

Қазақ болса бауырын сүйе **білсін,**
Туырлыққа түскен бұл күйе **құрысын.**
Айналайын, аруақты бабаларым,
Өсиетінді бұзғанды киен урсын!

Білген жақсы-ау, кім еді тек-тамырың,
Ұрандатса **әйтсе** кек дабылын
«Қазақ» аты атадан асқағырақ
Бүкіл қазақ елжірер **ет-бауырың.**

Жатырқама дос тапсаң жалғаншы деп,
Алатаудай тұрса артта арқаң **тіреп,**
Адал болса **өкіл** ұл, бұл да **өз** ұлың
Дархан елге жарасқан дархан жүрек,

Пандық етпе, **пандықты** сөндір бүгін,
Кел **жиында** **нұсқаған** жол **бірлігін.**
Кіршең тартса, **көңілің,** тазартып қайт.
Тексертіп қайт **жаныңның мөлдірлігін.**

Өткен талай ғасырлар шала ұйқыда,
Қанша ер өтті бұл жолда **жаның** пида.
Ант **берісіп** бұл жерде ынтымаққа,
Жеңістердің басталған тарихы да.

Уақыт-желмен аңыз **сөз** еріп келген,
Болмаса да еш адам **көріп** келген.
Қуаныштан аспанға лақтырғанда
Қалың жасақ найзаны **уық** қылып,
Алып шаңырақ жасапты бөріктерден,
Ордабасы аталған сол **шаңырақ**
Ақ **қалпақ** пен жасалған **бөріктерден.**

Шат-шадыман мереке болған дейді
Арман-жүрек толықсып **толған** дейді.

Содан бері санамның **тұғыры** деп,
Содан бері бар **қазақ** ордам дейді.

Бүкіл қазақ көктем боп көріктенген,
Бұлт тараған түнеріп төніп келген,
Ер қорғаны ерлер **көп**, жолықты ермен,
Ынтымақтың жолына жан садаға
Бақыт дерті сол үшін жорықта **өлген**.

Данышпаным, үш бабам, **кемеңгерім**,
Елдің **мұңын**, **тарқатқан** **шемен-шерін**.
Іздеріңе, **тәуетіп** келді **бүгін**
Егеменді ел болған **ерендерің**.

Ордабасы, таулары Арыс **таңы**,
Тіл қатқандай тарихым алыстағы,
Бабалардың шақырған **ынтымаққа**
Жаңғырғандай жүректе дауыстары.

Мұзарт шыңдар жоқ **мұнда**, күз қия да
Ұлы бірлік қонған **сөз** ізгі **Ұяға**.
Бүкіл халқы **қазақтың** көтерілген
Ордабасы - **киелі** «Фудзияма».

АРҚАУ БОЛҒАН ТЕРМЕСІНЕ ЖЫРШЫНЫҢ (Бүгінгі күн толғауы)

Онысы да кеудең жанған өзі от **боп**,
Күй төгеміз құса **дертті** жазад **деп**.
Күй **тындасаң**, жыр **тындасаң** жатып **ап**
Кететіндей содан нағыз қазақ боп.

Онысыз да жанған жүрек өзі от боп,
Бұлхындаймыз, **жыртындаймыз** мазак **боп**.
Ол дүниеде дейді **жұмақ** бірі **артық**,
Бұл дүниеде бізде өзгеден **дозақ көп**.

Ғапыл қалған толып жатыр мін өзге,
Мына сөзім су қосқан сүт **мінезге**.
Абай айтқан күнде ант ішкен қырық рет
Тайқып шығар, тағы да айнып **ілезде**.

Күй тындаймын, сырын ұғам **терменің**
Енді қайтем? (**бұл** емес жәй **ермегім**).
Тындап-тындап күйге елтіген сол шақта
Шерге толған көкірегімді көр **менің**.

Тындап-тындап ойға оралған дос, таныс,
Шаңқылдасқан ауыл үйде қос **дауыс**.
Текті **атаның** тәртібінен өстіп пе ең,
Көңіл жыртар бар деп селкеу, бос **қамыс**.

Арқау болған термесіне **жыршының**,
Бар аулаға тигізетін қырсығын.
Қатын аз ба шайпау мінез **бұл күнде**,
Төгетұғын жол үстіне кір суын.

Желі болған жырларына жыршының
Ерте бұзған көркемдігін, гүл сынын,
Қыздар аз ба қасы-көзін бояп **ап**,
Өткен жұрттан сұрап шегер бір шылым.

Арманы боп, ақындардың, жыршының,
Домбырамен баурап алар тылсым үн,
Күйші қыздар **көркі** емес пе қазақтың,
Аспандағы қондыратын шымшығын.

Тындап көрші, термелерін жыршының,
Құлағың сап, ой тоқтатып көрші, інім.
Сен еліктеп, мен салықтап жүргенде
Аталы сөз, болған жоқ па тіл шығын...

О, заман-ай, бәрі болды өзімнен,
Кейде шығып **кеткендеймін** төзімнен.
Үлкен кісі өтіп кетсін, **тұра** тұр,
Қарындастар, айналайын, көзіңнен.

Заман ба екен, бәрі адамның өзінен,
Заман — өмір, одан қайтіп безінем?
Айналайын, қоңыр **ұлдар**, көзіннен
Аулақ жүрші, елпек-селпек сезімнен.

Көкіректе көз болмаса, — шерменде.
Ұлын көріп, атаң болар шер кеуде.
Заманыңның жамандығын енші ет деп,
Қашан айтты мына заман сендерге.

Байқаймысың, тасқындаған ағысты?
Уақыт-аяң сар желіске ауысты.
Енжарлықты еншіледік біз неге?
Қамшыламай болмас, сірә, намысты.

Әддекім боп, пері болып, **жын** болып,
Әулекі жан есі кеткен — **күнде** өлік!
Қазақ па өзі, мазақ па **өзі өзгеге**
Еркін кетсе, **шығасындар** кім болып?!

Есерлікке емес қой бұл еркіндік.
Кесірлікке емес қой бұл **еркіндік**.
Мал боп, безіп кетуге емес еркіндік.
Еркіндік — **бұл** парасатқа **төркіндік**.

Қазақ десе даланы ұққам, **күнді ұққам**.
Куйде сарын, кең көсілген жырды **ұққам**.
Қапастықта тумайды үлкен дарқандық
Алыс болған **түрме** деген сұмдықтан.

Еркіндік-бұл-құл болудан еркіндік!
Еркіндік бұл—ұл болуға еркіндік.
Сөздің өзін **аңғарсаңшы**, жас ұлан
Ата салты жалғасқан бұл Ер кіндік.

Баста ерік жоқ болса атаң **мұңды ұққан**.
«Қазақ» сөзі **«еркін»** деген шындықтан.
Адам деген бір-біріне қонақ деп,
Қыз-күң болмай, босаған ұл құлдықтан.

Көкіректе көз болмаса, — **шерменде!**
Заманды ұрсар мен емеспін шер кеуде.
Дүниенің сырын біл деп дін де **айтқан**
Пәрәнжі сал демейді **ешкім** сендерге.

Пайғамбардан **жасың** өткен ағалар,
Мінезің бар шөлмек іздеп, жағалар.
«Жастар-ондай, жастар-мұндай» **демендер**,
Сендерді үлгі ептеп пе еді балалар.

Елге құрмет, медаль таққан өр кеуде.
Жоқ деп айтшы сендерде де **көр кеуде**.
Айтарыңда ауыз-батыр, тірлігің,
Шашырайды **тарап-тарап** жол кейде.

Айналайын, пәк жандарым, өр кеуде,
Болсандаршы, ұлтыңды **ойлап** шер кеуде.
Аптақ шашың-жүректің ақ жалыны
Өртенсендер ащы судан **өртенбе**.

Ақындар ше? Қазақта олар сондай көп,
Бірі айтқанды анау да айтар сондай ғып.
алаудан **кетті бәлкім** сөз **дәмі**,
а ысытқан сорпадай боп, сордай боп.

Оқитын аз, іздеп **жүріп** өленді,
Ақынмын деп, көкке тіреп **төбенді**, .. ' -

**Жүресіндер әркім кешкен шалшықта,
Бойлай алмай Абай.барған тереңді.** ""

Ел **серкесі** — ақындарда көсем **көп,**
Үлтжанды **боп** көрінетін шешен **көп.**
Әлдеқайдан жұғыстырған өнерің,
Әсерлілеу **сарқып** ішкен кесең **көп.**

Кызыл қашар, қалыңға өлең ыққанмен,
Соғым болмас арық сөзді жыққанмен.
Өзің ішкен арақтай да уыт жоқ
Жыл аралап қалың кітап шыққанмен.

Шоғын түссе жас **жүрекке сөне** ме?
Бықсып жатса **дейсің** тағы: «Е, неге?»
Алмалардай бір-бірінен реңк алған
Атақтыдан тез жұғады өнеге.

Өмір **отер, қыбыр-қыбыр күйбеңмен,**
Біреу ынтық, біреу сенен жиренген,
Төмпешіктен томендікті **сезініп,**
Асқар таудан **асқақтықты үйренген.**

Өмір'барда мансап та бар, **мақтан бар,**
Қорқаулық бар, қанағат бар, тоқтам бар.
Әкім де бар, **бақыр** да бар, **момын бар,**
Кім болсаң да **елдігінді сақтаңдар.**

Өмір деген **қызық қиял** күйге **енген,**
Көңіл деген түскен **титтей** түйменнен,
Өмір деген үрлеп **ұрттау,** күйгеннен,
Өмір-жастық, думанды той, **биге** енген.

Өмір мәңгі махаббатқа күштарлық.
Өрт боп жану, **бірінді** сүйгеннен.
Бірінен де ұлы бол ман **даланын**
Шанағындай жұмбірлеген күй **кеуден.**

х х х

Заманы бұл, **ақыл-ойдың, кітаптың,**
Бір-бірінді жылатсандар
Аз **білдің** деп жылатқын.
Бір-бірінді мұқатсандар
Жалқаусың деп **мұқатқын.**
Көрсен басар **ашкөздігін**
Төмен етек пейілден,

Құлқын қамы ойлайтынын ұзақ күн.

Содан болар **құны** томен

Жазылмаған дәптерден

Ақ тер-көк **тер**, жанынды жеп

Жазып шыққан

алақандай кітаптың.

...Қайран көңіл!

Тұғыр **таппай жер, көктен**

Шымшықтай бол,

Домбыраға **қонақтайсың** шер **төккен.**

Ескі әуенмен тамсанады

көңіл мына **тыншымай,**

Канат қомдап, желпіндіріп

Замана тур желдеткен.'

ҮСІКТАС МҮСІНДЕРІ

Туған елім, о, **менің** Қаратауым,

Шежіресі таусылмас дара **тауым!**

Тарихтың елең-алаң **шағында** алыс

Тігіпті қырқаңа ару ақ отауын.

Якн **қиял**, жорамал, болжау **шығар**

(Болжауы **жоқ**, қиял жоқ жол таусылар),

Тас **мүсіндер — күтуші** қыздар ма **екен?**

Аптал тұлға — жауынгер **қорғаушылар.**

Үсіктастың қойыны толған **тастар,**

Көне заман **көзіндей** балбал **тастар.**

Қаратаудың қойтасын **қашап-қашап**

Мүсінші ата аруды салған **тастар.**

Еңкіш емес қыз мүсін **қаздып тұр,**

Ызғары **жоқ, нұр-өңі** жазға **иіп тұр.**

Алтын қамқа **киімдер** өрнектелген

Күн бейнелі басына **тәж киіп тұр.**

Бүйрек **бет, көздерін** сәл **қиықтаған,**

Ерлері шашын **өріп, қырықтаған.**

Ып-ықшап киімдері, белде **қанжар,**

Бұл сонау боп **жүрмесін** Түрік **бабам.**

Дәл **тауып,** дәл айтатын құдай емен,

Көз жетпеген қиялға **кінәлі** емен.

Бәлкім бүкіл түріктер **өсіп өнген**

Ханшаңыз боп **жүрмесін** Үмай енем!

Қаратаудың көркем бір **қойнауында**,
Келген болар көл-көсір тойлы **ауылға**.
Той **дегеннің** мәнісі - қандай себеп
Алтын **көзе** өрнекті қолға алуға?!

Қаратаудың көркем бір **қойнауында**,
Шұрқыраған жылқылы, қойлы **ауылға**.
Тасты **қашап**, **мүсінші** дастан еткен
Ұлы Ананың келгенін тойлы **ауылға**.

Қаратаудың **ғажап** бір қойнауында
Ұмай ана келгендей жайлауына
Ар жағы...көмескілеу, бұлдыр өмір...
Қиял **іріп...** **түскендей** ой дауылға.

О, Ұлы Ана! Көзең **не қолға** ұстаған?
Алтын **өрнеқ оюлап**, гүл **дыстаған**. •
Қалжан үшін құйылған қымыз бә **екен**
Туғанда **Тұран-бабам** — **тұңғыш балаң?** .

Әлде **бұл жеңсік** ас па, жерік дәм бе,
Қап-қара жүзім-шарап желік пе әлде?
• Бір түрлі толқып **тұрсың** жұтайын деп
Бейкүнә сәл жымыған елік халде.

Көзеннің іші бәлкім, толған ұшқын,
Әйтеуір үстіндесің толғаныстың.
Ұлдарым жүректі боп өссінші деп,
Бәлкім бұл **өті** шығар жолбарыстың?!

Әйелді айтқан **Фйлар** деп **үш күнгісін**,
Ұмай Ана ойлапты-ау, үш мыңғысын.
Қаратаудың тасынан қашап алған
Сен **боларсың** шежіре —сфинксім?!

Жау **шаңдатып** жатқанда шетте өрісін,
Отқа аластап Пері-қыз-Бекторысын,
Өзіңе кеп ұландар **бата** алды ма
Көтерген **байрақ** қылып **«Көкбөрісін»**.

Патша атағы патшамен жоғалатын,
«Қыз әулие» — **бәлкім** бұл лақап атың?
Түркілердің қара көз арулары,
Саған сеніп **айтыпты** махаббатын.

Тылсым сыфын қыздардың **тыңдадың** ба,
Тастай берік **салдың** ба **құндығыңа?**

Жортуылда кешіксе жолбарыстар
Күте **тұр** деп, **шыдамға** шындадың ба?

Атайды екен кей-кейде «жүзіктас» деп,
Тарихы көп, сыры көп, қызық тас **деп**.
Қалындықтар **көп күтіп**, көп телміріп,
Жаураған соң қойған ба **үсіктас** деп.

Аяқ асты болар деп өсиетім,
Киесі де болмайын бас иетін,
Тас боп сақтап қалайын деген шығар
Ақылды Ана жоғалтпай қасиетін.

Балбал тастар, ұқпапшын сырың барын,
Ойға салды тас өрім бұрымдарың.
Бұл күнде **мүсіншіге таң** қаламын,
Қалай **шебер** қашаған **мұның** бәрін?

КӨКЕЙТЕСТІ

Жарық қылған кеудеге шырағдан ба,
Жазылмаған ғажайып жыр — арман ба?
Көкейтесті ойларым қуат болған
Таусылғанша **дәм-тұзым бұ жалғанда**.

Арманшылды қояр ма ой жүдетпей,
Сілкіндірмей, жанынды елжіретпей.
Сөйтіп жеткен **биігің** ұзап кетер
Беймәлім тағы ашылған **көкжиектей**.

Аза бойым қаза боп **қиянаттан**,
Жасын соқса ризамын ұяны атсам.
Арманым сол — азнаған көкірекке
Пана болып жылылық ұялатсам.

Дерексіз ой, бұлыңғыр елеске ермей,
Құсы қайтқан жыр-жүрек емес көлдей.
Көкейтесті жыр-арман жеткізбейді
Белестен соң кезігер белестердей. "

Көкейдегі ой емес ол ертек — арман,
Шер-мұным ол **жүректі өртеп** алған.
Мейірім боп онан соң төгіледі ол
Жетімекке анадан **ерте** қалған.

Еншілесі **құс** — арман биіктердің
Сар даланың шуағын **жиып** бердім.

Жетпесін деп **жебесі сұр** мергеннің
Тұяғына **от** бердім **киіктердің**.

Қайсар еді-ау, сол арман **ар-намыстай**,
Киянатпен алысқан Алпамыстай.
Шектелмейді бұл арман **өміріммен**
Аруақ... ұрпақ...заузатты жалғап **ұшпай**.

Бар **мөнісі** осы боп **бү жалғанның**
Жүрегімнен тұтанған жыр-арманның.
Жел өтінде **ұйтқыған сөнбесе** екен
Маздап тұрған білтесі шырағданның.

х х х

Оқыс болып кенеттен **сүрінгенім**
Көңігі тақуа боп **күбірледі...**
«**Басқан сайын** бісміллә... **демейсің**» — деп,
Қуырып тұр бір ағай **бүтін мені**.
«**Өкеннің** моласынан **айды ал таста**» деп
Баяғы есінде **жоқ шүйілгені**.

Төменшік жандарды **аңсап бүкпалайтын**.
Өлі де **тұрса ёкен** деп **ықпалы айқын**,
Өйтеуір бойыннан бір **кінә тауып**
Адамдар көп **ақылын бүкпалайтын**.

Тарихты айтсам, «**көңілің көне дейсің**»,
Жананы айтсам «**неқылған пәле**» **дейсің**,
Баяғы канға **сінген бір мінезін**
Өзгені қақпайлауға дәмегө іс
Өйтеуір **етінерім: «ізгі жолғ**
Түскенің менің **арқам»** **демеі ісін**.

28.01.94

АБАЙМЕН СЫРЛАСУ

Ғашық боп **өттің**,
Тебіреніп айттын **жар өнін**.
Өзіңше сүйдік
Жүректің іздеп қалауын.
Мөп-мөлдір сезім,
Кіршіксіз махаббат **барын**
Өзің боп **сезіп, өзіңше күттік** жауабын.

Есейдің ерте
Шаттықтың алыс **қонды аулы**.
Ой жері болып